

Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлемді жүзеге асырудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 2 қазандағы N 1405. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

"Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлем туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлемді жүзеге асырудың тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкімен қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлемге арналған агенттік келісім жасасын.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкі, облыстар мен Алматы қаласының әкімдері 1997 жылы, Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлемді жүзеге асырудың тәртібіне сәйкес, бір жолғы төлемді қамтамасыз етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Ү к і м е т і н і ң
1997 жылғы 2 қазандағы
N 1405 қаулысымен

бекітілген

**Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің
ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына**

бір жолғы төлемді жүзеге асырудың ТӘРТІБІ

1. Осы Тәртіп "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлем туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығына сәйкес қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлемнің т е т і г і н а й қ ы н д а й д ы .

2 . Бі р ж о л ғ ы т ө л е м :

шақыру бойынша әскери қызметін өтеу кезінде қаза тапқандардың немесе әскери қызметін өтеу кезінде алынған жарақаттың, контузияның, зақымның, науқастың зардабынан әскери қызметтен босағаннан кейін қайтыс болғандардың (қайтыс болуы олардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде болған жағдайларды қоспағанда) ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына 87750 теңге сомасында;

әскери қимылдар кезінде қайтыс болғандардың, қаза тапқандардың (қайтыс болуы олардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде болған жағдайларды қоспағанда) ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына 117000 теңге сомасында жүргізіледі.

3. Бір жолғы төлем алуға құқығы бар қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары аудандық (қалалық) халықты әлеуметтік қорғау бөлімдеріне мына құжаттарды:

а) белгіленген нысанда өтініш (1-қосымша);

б) әскери қызметінің қайтыс болғандығын, қаза тапқандығын (оның ішінде өзіне қол жұмсағанын) растайтын шешім, анықтама, хабарлау немесе құжат;

в) қайтыс болған немесе қаза тапқан адамға туыстық қатынасын растайтын қ ұ ж а т ;

г) бір жолғы төлем алуға құқығы бар азаматтың төлқұжатын немесе жеке б а с ы н ы ң к у ә л і г і н ұ с ы н а д ы .

4. Халықты әлеуметтік қорғау органдары ұсынылған құжаттарды осы Тәртіптің 3-тармағына сәйкес арнайы журналдарға тіркейді, белгіленген нысандарға (2 және 3-қосымшалар) сәйкес азаматтардың тізімін жасайды және оларды онкүндік сайын тиісті төлем жүргізу үшін Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің аудандық (қалалық) филиалдарына береді.

5. Бір жолғы төлем Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің арасында жасалған агенттік келісімнің негізінде Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкінің филиалдары арқылы жүзеге асырылады.

80 жасқа толған азаматтарға бір жолғы төлем үйіне жеткізіп беру арқылы

жүзеге

асырылады.

6. Бір жолғы төлем республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі агенттік келісімге сәйкес ақша қаражатын, көрсетілген қаражатты кейін Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкіне аудару үшін, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бюджеттік шотына аударды.

8. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Акционерлік Халықтық Жинақ Банкімен бірлесіп ай сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының тұрғысында, төлемдердің нәтижелері бойынша есеп ұсынады.

1-қосымша

_____ аудандық (қалалық)
халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің
бастығы _____

(а т ы - ж ө н і)

м ы р з а ғ а

_____ мекен-жай бойынша
тұратын _____

(өтініш берушінің аты-жөні)

"Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына бір жолғы төлем туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 3636 Жарлығына сәйкес бір жолғы төлемге

Ө Т І Н І Ш

_____ (уақиғаның сипаты мен тиесілі соманың мөлшері көрсетіледі)

_____ байланысты

_____ бір жолғы төлемді жүзеге асыруыңызды сұраймын.

Өтінішке қоса мына құжаттарды ұсынамын:

_____ Өтініш берушінің қолы

1997 жылғы " " _____

2-қосымша

Бір жолғы төлем алатын, шақыру бойынша әскери қызметін өтеу кезеңінде немесе 1945 жылғы 3 қыркүйектен 1993 жылғы 20 қаңтарға дейінгі кезеңде әскери қызметін өтеу кезінде алынған жарақаттың, контузияның, зақымның, науқастың зардабынан әскери қызметтен босағаннан кейін қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарының, асырап алушыларының, қамқоршыларының
Т І З І М І

N p/c	Аты-жөні	Төлқұжатының немесе жеке басын куәлан. дыратын құжаттың деректері	Мекен-жайы	Бір жолғы төлемнің сомасы, теңге	Ескерту
1	2	3	4	5	6

Аудандық (қалалық)
халықты әлеуметтік
қорғау бөлімінің
бастығы

(м ө р і , қ о л ы)

1997 жылғы " " _____

Ескертпе:

Тізімдер үш данада жасалады.

3-қосымша

Бір жолғы төлем алатын, 1945 жылғы 3 қыркүйектен 1993 жылғы 20 қаңтарға дейінгі кезеңдегі әскери қимылдар кезеңінде қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарының, асырап алушыларының, қамқоршыларының
Т І З І М І

N p/c	Аты-жөні	Төлқұжатының немесе жеке басын куәлан. дыратын	Мекен-жайы	Бір жолғы төлемнің сомасы, теңге	Ескерту
----------	----------	---	------------	---	---------

		қ ұ ж а т т ы ң			
		д е р е к т е р і			
1	2	3	4	5	6

А у д а н д ы қ (қ а л а л ы қ)
х а л ы қ т ы ә л е у м е т т і к
қ о р ғ а у б ө л і м і н і ң

бастығы

(мөрі, қолы)

1997 жылғы " " _____

Ескертпе:

Тізімдер үш данада жасалады.